

Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп

Қамқоршылық кеңесінің 1-ші отырыс

Хаттамасы

Қатысқаны- 8

06.03.2020

Қатыспағаны- 1

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.«Қамқоршылық» кеңесінің жоспарын құру, бекіту.
- 2.«Мейірімділік –асыл қасиет» қамқорлық акциясы мұғалімдер және кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, материалдық көмекті қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.
- 3.Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау.
- 4.Құқық бұзушылықтың алдын алу.
- 5.Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы И.Қыстаубаев – кеңестің жылдық отырыс жоспары құрылып бекітілді. Алдағы уақытта бірлесе отырып жоспарға сай жұмыстар жүргіземіз деп ойлаймын. «Мейірімділік –асыл қасиет» қамқорлық акциясы бойынша көмек қажет ететін оқушыларға мектеп директоры Б.Д. Сейлхановпен бірлесе отырып көмек ұйымдастырылды. Ендігі мәселе мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау, осы тұрғыда әлеуметтік тұрмысы төмен, әлеуметтік көмек алмайтын отбасы балаларын қосуды ұсынып отырмыз. Сонымен бірге, келесі мәселелер бойынша тәрбие ісінің орынбасары Н.Құдайбергенов пен әлеуметтік педагог Б.Сотқарованың жүргізген жұмыстарына сөз кезегін берейік.

Сөз сөйлеушілер:

Мектептің тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары: Н.Құдайбергенов –құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында арнайы жоспар құрылды, жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде, нәтижесінде аудандық есепте тұрған бір оқушымыз есептен алынды.

Әлеуметтік педагог Б.Сотқарова –мектепте тұл жетім бір оқушы бар, қазіргі таңда 11 класта оқиды. Жалпыға бірдей білім беру қорынан әлеуметтік пакет пен оқу киімдерімен қамтамасыз етілді. Қайырымдылық шыршасында көмек көрсетілді. Жалпы оқушының оқып-білім алуына мүмкіндігі бар, үйінде интернет, компьютермен жабдықталған онлайн оқуына да жағдай жасалған. Жалпы тұрмыс жағдайы жақсы.

Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары: Ш.Т.Жүсіпов- құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында алдыңғы отырыстарда ұсыныс айтылған еді, жүргізілген жұмыстардың нәтижесін көріп отырмыз жақсы, алдағы уақытта жас өспірімдердің тәрбиесіне мұқият қарау керек екенін ескерткім келеді. Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтап, осы тұрғыда әлеуметтік тұрмысы төмен, әлеуметтік көмек алмайтын отбасы балаларын қосуды ұсынып отыр екенсіздер оған қарсылығым жоқ.

Кеңес мүшесі: Тампишов С - Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша қарсылығым жоқ, әрдайым көмек қолымды созуға дайынмын.

Кеңес мүшесі: Дабылов Қ – қамқоршылық кеңесі үнемі өзіне міндеттелген жұмыстарды жүйелі атқарып келеді, алдағы уақытта да И.Қыстаубаев пен бірлесе жұмыстар жүргіземіз, әрдайым қолдау көрсетуге дайынбыз. Бүгінгі күн тәртібіндегі ыстық тамаққа ұсынылған оқушылардың тамақтануға қарсылығым жоқ.


Қамқоршылық кеңесі шешім етеді:

- 1.«Қамқоршылық» кеңесінің жоспары бекітілсін.
- 2 Көмекке мұқтаж отбасыларына қажет уақытында көмектер ұйымдастырылсын.
- 3.Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін әлеуметтік көмек алатын отбасы, әлеуметтік көмек алмайтын әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы, жетім балаларды, көп балалы отбасы шыққан білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету мектеп әкімшілігіне жүктелсін
- 4.Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жұмыстар жүргізілсін


1.Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

 И.Қыстаубаев

2.Қамқоршылық кеңес төрағасының орынбасары:

 Ш.Т.Жүсіпов

 Н.М.Берсугиров


 Қ.С.Аязбаев


 И.М.Турганбаев

 Қ.Б.Дабылов

 Қ.Нұрабайұлы

3.Хатшы:

 Б.А. Сотқарова

Бекітемін : 

Т.Жүргенов атындағы ЖОББМ
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Қыстаубаев И.К.

« 11 » 2021ж


**Қамқоршылық
кеңесінің жылдық жоспары**

2020-2021 оқу жылы

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жұмыс түрі	Жауапты
1-отырыс Күні: 06.03.2021 (Онлайн)	1.«Қамқоршылық» кеңесінің жоспарын құру.	Қаңтар – наурыз	Жоспарды бекіту	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қыстаубаев И.К.
	2.«Мейірімділік –асыл қасиет»қамқорлық акциясы мұғалімдер және кеңес мүшелерімен бірлесе отырып, материалдық көмекті қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.		Көмек түрін ұйымдастыру	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қыстаубаев И.К.
	3.Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау.		Бала санын анықтап,тізім бекіту.	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	4.Құқық бұзушылықтың алдын алу.		Есеп беру	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Құдайбергенов Н.Б.
	5.Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды бақылау әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу		Тұрмыстық жағдайын тексеру АКТ	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
2-отырыс 20.05.2021	1.Мектепті гүлдендіру мақсатында жұмыстар жүргізу.	Сәуір- маусым	Гүлдендіру жұмыстарын жүргізу	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Құдайбергенов Н.Б.
	2.Оқушылардың сабаққа қатысымы және мектептің білім сапасы.		Есеп беру	Мектеп директоры Б.Д. Сейлханов
	3.Оқушылардың жазғы демалысы кезіндегі бос уақытын ұйымдастыру		Бала санын анықтап,тізім бекіту.	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Құдайбергенов Н.Б.
	4.Аз қамтылған отбасы,көпбалалы отбасы және жартылай жетім оқушылардың үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу		Тұрмыстық жағдайын тексеру АКТ	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	5. Дарынды оқушыларға қолдау ұйымдастыру		Қамқоршылық кеңесінің төрағасы	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы
3-отырыс 25.08.2021	1. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	Шілде- қыркүйек		Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қыстаубаев И.К.

	Мектептің әлеуметтік картасын дайындау.		Әлеуметтік карта	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	2.Оқулықтармен қамтамасыз ету.		Оқулықтар туралы мәлімет	Кітапханашы Алмаханова Л.
	3.Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау.		Бала санын анықтап,тізім бекіту.	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	4.Аз қамтылған,көп балалы отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің қызығушылығым» тақырыбында жүргізілген жұмыстар.		Әлеуметтік-психологиялық диагностикалық жұмыстар	Педагог-психолог Б. А. Дабылова Г.Қ.Турбекова
4.	1.Әлеуметтік жағдайларына қарай оқушылардың тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында үй аралау	Қазан-желтоқсан	Анықтама	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	2.Білім беру ұйымының басшысының есебі		Есеп беру	Мектеп директоры Б.Д. Сейлханов
	3.Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру		Шыршаға тізім жасау	Әлеуметтік педагог Соткарова Б.А.
	4.Қайырымдылық акциясыны қатысу.		Акция ұйымдастыру	Кенес құрамы
	5.Жылдық қорытынды		Қорытынды отырыс	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қыстаубаев И.К. Мектеп директоры Б.Д. Сейлханов





Жүргенов көшесі №52, телефон: 21-5-35, 21-6-80 факс: 22-5-4
Т.Жүргенов ауылы с.Т.Жүргенов

Шығыс № 1598

28 қыркүйек 2020


Бұйрық № 119

«Қамқоршылық кеңес
құрамына өзгеріс енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдедегі
туралы» 44-бабының 9 тармағына сәйкес және Қаз
Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жыл
шілдедегі «Білім беру ұйымдарында кеңестің жұмысын ұйымда
және оның сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары туралы»
бұйрығын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2020 жылғы 23 қыркүйек күнгі аудандық білім бөліміне қа
Т.Жүргенов атындағы ЖОББ мектебінің жанынан құр
Қамқоршылық кеңес құрамының өзгеруіне байланысты хаб
қорытындысы бойынша білім бөліміне қарасты білім
мекемелерінде қамқоршылық кеңес құрамы берілген ұсын
негізінде 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру 2017 жылғы 27 шілдедегі Білім
ұйымдарына кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны с
тәртібінің үлгілік қағидалары бекіту туралы № 355 бұйр
басшылыққа ала отырып жүргізілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау білім бөлімінің ә
Г.Омароваға тапсырылсын.

Білім бөлімінің басшысы:



Қ.Жарымбето

Мектебі	№	Аты-жөні	Жұмыс орны
Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектеп	1	Қыстаубаев Ислам Көбейсінулы	Теміржол жүктер бақылаушы
	2	Жүсіпов Шынболат Турганбаевич	Жұмыспен қорғалығының б.
	3	Берсугиров Нурлан Мухтарулы	Аудандық саяси комитетінің басқарушысы
	4	Тампишов Серикгали Картбаевич	Ақтасты селолық әкімі
	5	Аязбаев Қуанышбек Серикулы	Аудандық халық банкінің басшысы
	6	Шангитбаева Мейрамгул Рыздықовна	Жеке кәсіпкер
	7	Турганбаев Имангазы Мамбетказыулы	Жеке кәсіпкер
	8	Дабылов Қуанышбай Балыкбаевич	ТОО «Бұлақ» директоры
	9	Нұрабайұлы Қуат	Жеке кәсіпкер